

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуының ресми болжамдарын дайындау үшін пайдаланылатын болжамдардың сыртқы параметрлерінің аралық сандық мәндерін келісу тәртібі туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2025 жылғы 17 қарашадағы № 105 шешімі

Келісілген макроэкономикалық саясатты жүргізу туралы хаттаманың 4-тармағының 5-тармақшасына сәйкес (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 14 қосымша) Еуразиялық экономикалық комиссияның Алқасы **шешті** :

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуының ресми болжамдарын дайындау үшін пайдаланылатын болжамдардың сыртқы параметрлерінің аралық сандық мәндерін келісу тәртібі бекітілсін.

2. Осымен:

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуының ресми болжамдарын дайындау үшін пайдаланылатын болжамдардың сыртқы параметрлерінің аралық сандық мәндерін келісу тәртібі туралы" Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 19 желтоқсандағы № 168 шешімі;

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуының ресми болжамдарын дайындау үшін пайдаланылатын болжамдардың сыртқы параметрлерінің интервалдық сандық мәндерін келісу тәртібіне өзгерістер енгізу туралы" Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2021 жылғы 9 ақпандағы № 11 шешімі.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап 30 күнтізбелік күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының Төрағасы*

Б. Сағынтаев

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2025 жылғы 17 қарашадағы
№ 105 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуының ресми болжамдарын дайындау үшін пайдаланылатын болжамдардың сыртқы параметрлерінің аралық сандық мәндерін келісу ТӘРТІБІ

1. Осы Тәртіп 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы келісімге қоса берілген 14-қосымшадағы үйлестірілген Макроэкономикалық саясат жүргізу туралы хаттаманың 4-бабының 5-тармақшасын жүзеге асыру мақсатында әзірленген (бұдан әрі – Хаттама) және мүше мемлекеттер (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) мен Еуразиялық экономикалық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) ресми әлеуметтік-экономикалық дамуды болжау үшін қолданылатын сыртқы параметрлердің интервальдық сандық мәндерін болжамдық кезеңге анықтау кезінде атқаратын іс-қимылдарының реттілігін белгілейді.

2. Осы Тәртіп мақсатында келесі ұғымдар қолданылады:

"бастапқы ұсыныстар" – комиссияның сыртқы параметрлердің интервальдық сандық мәндері бойынша ұсыныстары, олар Brent маркалы мұнай бағасы болжамдары мен халықаралық ұйымдардың ашық дерек көздерінде жарияланған әлемдік экономиканың даму қарқыны болжамдарын бақылау нәтижесінде жасалады;

"әлеуметтік-экономикалық даму болжамы" – мүше мемлекет тарапынан әзірленетін әлеуметтік-экономикалық даму болжамы (Армения Республикасы үшін – Армения Республикасының келесі жылға арналған бюджет жобасы аясында орта мерзімді кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы, Беларусь Республикасы үшін – Беларусь Республикасының келесі жылға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы, Қазақстан Республикасы үшін – Қазақстан Республикасының орта мерзімді кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы, Қырғыз Республикасы үшін – Қырғыз Республикасының орта мерзімді кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы, Ресей Федерациясы үшін – Ресей Федерациясының келесі қаржы жылына және жоспарлы кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы).

"болжау кезеңі" – ағымдағы жылды (болжау жасалатын жылды) есепке алмағанда, 3 жылға тең кезең;

"уәкілетті органдар" – мүше мемлекеттердің атқарушы билік органдары, олардың құзіретіне әлеуметтік-экономикалық даму болжамдарын әзірлеу және/немесе Комиссиямен өзара әрекеттесу кіреді.

Осы Тәртіпте қолданылатын басқа ұғымдар Протоколда белгіленген мәндерде пайдаланылады.

3. Комиссия халықаралық ұйымдардың ашық дерек көздерінде жарияланған Brent маркалы мұнай бағасының болжамдары мен әлемдік экономиканың даму қарқыны болжамдары туралы ақпаратты бақылауды жүзеге асырады.

4. Осы Тәртіптің 3-бабына сәйкес жүргізілетін мониторинг нәтижесінде Комиссия әр жыл сайын ағымдағы жылдың 20 қазанға дейін Brent маркалы мұнай бағасының болжамдарының және әлемдік экономиканың даму қарқыны болжамдарының интервальдық сандық мәндерін анықтауға қойылатын талаптарға сәйкес бастапқы ұсыныстарын қалыптастырып, оларды мүше мемлекеттерге келісімге жібереді.

5. Уәкілетті органдар бастапқы ұсыныстарды ескере отырып, әр жыл сайын ағымдағы жылдың 10 қарашасына дейін Комиссияға мүше мемлекет тарапынан әзірленетін әлеуметтік-экономикалық даму болжамы жобасының негізгі сценариінде көзделген сыртқы параметрлердің интервальдық сандық мәндері бойынша болжамдық кезеңге арналған ұсыныстарын жібереді.

6. Осы Тәріптің 5-бабында көрсетілген ұсыныстарға қосымша ретінде, Ресей Федерациясының уәкілетті органдары ағымдағы жылдың 10 қарашасына дейін Комиссияға ішкі тұтынуға арналған табиғи газдың болжамды бағасының өзгеру интервалы туралы ақпаратты жібереді. Көрсетілген ақпарат Ресей Федерациясының макроэкономикалық болжам жасау мақсатында ұсынған мәліметі болып табылады және болжамдық кезеңде мүше мемлекеттерге табиғи газ жеткізу бағасына қатысты Ресей Федерациясының міндеттемесін білдірмейді.

7. Комиссия Ресей Федерациясының уәкілетті органдарынан 6-бапта көрсетілген ақпарат түскен күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде оны Армения Республикасына, Беларусь Республикасына, Қазақстан Республикасына және Қырғыз Республикасына жібереді.

8. Комиссия 5-бапқа сәйкес берілген уәкілетті органдардың ұсыныстарын ескере отырып, сыртқы параметрлердің болжамдарының интервальдық сандық мәндерін дайындайды.

9. Комиссия Алқасы әр жыл сайын ағымдағы жылдың 31 желтоқсанына дейін мүше мемлекеттермен келісілген сыртқы параметрлердің болжамдарының интервальдық сандық мәндерін болжамдық кезеңге бекітеді.

10. Уәкілетті органдар Комиссия Алқасы бекіткен сыртқы параметрлердің болжамдарының интервальдық сандық мәндерін ескере отырып, әлеуметтік-экономикалық даму болжамдарын әзірлейді.

Еуразиялық экономикалық
одаққа мүше мемлекеттердің
әлеуметтік-экономикалық
дамуының ресми болжамдарын
дайындау үшін пайдаланылатын
болжамдардың сыртқы
параметрлерінің аралық сандық
мәндерін келісу тәртібіне
ҚОСЫМША

BRENT маркалы мұнай бағасының болжамдары мен әлемдік экономиканың даму қарқыны болжамдарының интервальдық сандық мәндерін анықтауға қойылатын ТАЛАПТАР

I. Brent маркалы мұнай бағасының болжамдарын анықтауға қойылатын талаптар

1. Brent маркалы мұнайдың орташа жылдық бағасы болжанады.

2. Brent маркалы мұнай бағасының интервальдық сандық мәндері болжамдық кезеңдегі әр жылға арналған параметр интервалының жоғарғы және төменгі мәндері

негізінде анықталады. Болжамдық кезең ағымдағы жылды (болжам жасалатын жылды) есепке алмағанда 3 жылға тең.

3. Brent маркалы мұнай көлемін өлшеу бірлігі – америкалық мұнай баррелі, оның салмағы 136,4 кг мұнайға тең.

4. Brent маркалы мұнай бағасы АҚШ долларымен баррельге есептеледі (доллар/баррель).

5. Қажет болған жағдайда, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия Brent маркалы мұнай бағасын басқа маркалы мұнай бағаларына (маркалар себеті) қайта есептей алады, сондай-ақ бағаны басқа валюталарда және метрлік бірліктерде анықтай алады.

II. Әлемдік экономиканың даму қарқыны болжамдарын анықтауға қойылатын талаптар

Әлемдік экономиканың даму қарқыны болжамының интервальдық сандық мәндері өткен жылдың мәндерінен пайыздық қатынас бойынша анықталады (салыстырмалы бағаларда).

Әлемдік экономиканың даму қарқыны болжамының интервальдық сандық мәндері болжамдық кезеңдегі әр жылға арналған параметр интервалының жоғарғы және төменгі мәндері негізінде анықталады. Болжамдық кезең ағымдағы жылды (болжам жасалатын жылды) есепке алмағанда 3 жылға тең.